

## ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

### I. Салалас құрмаластардың тыныс белгілері.

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің арасына ретіне қарай *үтір*, *қос нүкте*, *сызықша* және *үтір* мен *сызықша* қойылады. Бұл сияқты әр түрлі тыныс белгілерінің қойылуы, біріншіден, салаластың жалғаулық шылау арқылы немесе жалғаулықсыз құрмаласқан салаластың, әр түрлі мағыналық катынасты білдіруіне байланысты.

1. Жалғаулық шылаулар арқылы құрмаласқан салаластың барлық түріне, мағыналарының әр түрлі болғанына карамастан, *үтір* қойылады.

*Ешбір өзгеріссіз су да ақырын тербеледі, қалтқы да жыбыр-жыбыр қозғалады. (Х.Есен) Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен. (Ы.А.) Жанбауырдың тұяғынан түлкі кетпейді, бірақ ол бұталы жерге түспейді. (М.Ә.) Бұл хабарды Гүлнәр қуанышпен қарсы алды, өйткені Телкөл – Сарысу құйылатын жерден алыста. (С.М.) Кейде көзінен тасалауға қимайтын Гүлжаһан сияқты аяулы қарындастар, батыр бауыр, бағылан ағалардың артта қалып бара жатқанына налысың, кейде солардың көкке көтірілген даңқына шаттанасың. (Ә.Ә.)*

Егер салаластағы жай сөйлемдер және шылауымен байланысса, олардың арасына ешбір тыныс белгісі қойылмайды. *Күріш жапырағының өзегі оның өз түсіндей болады және сол өзекшеден бірнеше талшықтар тарап жатады. (Ы.Ж)*

2. Жалғаулықсыз ынғайлас салалас *үтірмен* бөлінеді. *Олжабек бұл жолы бөгелген жоқ, жауапты қолма-қол қайырды.тАй таяқ бойы көтеріліпті, маңдай алда дөпдөңгелек болып толықсып тұр. (Ғ.Мұст.)*

3. Жалғаулықсыз себеп-салдар салаластың себеп мәнді жай сөйлемі бұрын орналасса, соңынан *үтір* қойылады. *Бименденің әкесінің аты – Сыздық еді, ауылды Сыздық иауылы дейтін (Ш.С.)*

4. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың арасына *үтір* мен *сызықша* қойылады. *Сен дайын ереже ұсынасың, - менің оған көңімім келмейді. (М.И.)*

Аудан есікті кең ашты, - алғашқы бетте-ақ Жомарт аудан басшыларының кейбіреуінің көңіліне ылғал салды. (Ғ.Мұст.)

5. Түсіндірмелі салаластың бірінші жай сөйлемінің баяндауышы *сонша, соншалық, сондай* деген сөздерден болса, олардан кейін сызықша қойылады. *Көп күлмейтін Олжабектің қатты күлгені сонша – арбадан ауып түсіп қала жаздады. (Ғ.Мұст.) Райханның зәресі ұшқаны сондай – үні шықпай қалды. (З.Ш.)*

6. Жалғаулықсыз ыңғайлас салалас істің, оқиғаның мезгіл жағынан өте тез, қас қаққандай уақыт ішінде болғандығын білдірсе не ол іс-оқиғаның өзара шарттас мәнде айтылғанын көрсетсе, құрамындағы жай сөйлемдерінің арасына сызықша қойылады. *Шатырлап тұрған құрай лап етті – қара түтін бұрқ етті. (Ғ.Мұст.) Біріңді-бірің шын сыйлайды екенсіңдер - өзге бір сүйкімді атпен атасаңдар да болмай ма? (Ғ.С.) Дәмештің дауысы шықты-ақ – Жүніс алдын ала керегін даярлата беретін.*

7. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдерінің арасына қос нүкте не сызықша қойылады. *Екеуі де жастықты жаңа заманнан бастаған: дала жаңаша гүлдейді, дала адамы жаңы өмір сүреді. Ұсыныс сол: сөз өздеріне берілсін. (М.И.) Сіздерге де айтарым – сағат төртте осында келіңіздер. (Ә.Ә.)*

8. Жалғаулықсыз себеп-салдар салаластың салдар мәнді жай сөйлемі себеп мәндісінен бұрын тұрса, араларына қос нүкте қойылады. *Малшы сырын білем мен: қасында өскем жасымнан. (Ж.Ж.)*

## **II. Сабақтас құрмаластардың тыныс белгілері.**

1. Сабақтастың құрамындағы жай сөйлемдердің арасына, негізінде, үтір қойылады: *Ол отқа жақындап келгенде, қараңғыда кісінеген жылқының дауысы естілді. (А.Ф.) Үй ішін әлсіз қызғылт сәуле жарық қылған уақытта, шешесі Абайдың қиналып отырған қалтын байқады. (М.Ә.)*

2. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ортасында айтылса, оның екі жағынан үтір қойылады: *Жанпейіс үйге кіріп кеткенде, Асқар мен Ержан тыста қалды. – Асқар мен Ержан, Жанпейіс үйге кіріп кеткенде, тыста*

қалды. (С.М.) Әкесі кеткелі, Абай үйден шыққан жоқ. – Абай, әкесі кеткелі, үйден шыққан жоқ. (М.Ә.) Ербол жән сұрағанда, Абай іркіліп, бөгеліп қалды, - Абай, Ербол жән сұрағанда, іркіліп, бөгеліп қалды. (М.Ә.) Ол келмей, мен ешқайда бармаймын. – Мен, ол келмей, ешқайда бармаймын.

### **III. Аралас құрмаластың тыныс белгілері.**

Аралас құрмаластағы жай сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгі, негізінен, салаласа және сабақтаса құрмаласқан сөйлемдерге қойылатын тыныс белгілерден құралады.

1. Егер араластың құрамында қарсылық мәнді жай сөйлемдер болса, ол басқаларынан үтір және сызықша арқылы ажыратылады.

Жүсіп сөйлемекші еді, - оны жұрттың ду көтеріле шапалақтаған қолы бөліп, бірсыпыра уақытқа шейін сөйлетпейді. (С.А.)

2. Араластың құрамында түсіндірмелі мәнді не себеп мәнді сөйлемдер болса, олар басқаларынан не қос нүкте, не сызықша арқылы ажыратылады.

*Ақбозға сол күні өмірінде бітпеген шабыс пайда болған сияқтанды: төрт тұяғымен жердің топырағын уыстай аспанға атып зымырағанда, көлденеңнен көзі түскен жұрт оны ұшып барады екен деп ойлайды. (С.М.)*

3. Қалған жағдайлардың бәрінде араларына үтір қойылады.

### **IV. Көп бағыныңқылы құрмаластың тыныс белгісі.**

Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ортасында айтылса, бағыныңқы сөйлемнің екі жағынан үтір қойылады.

*Абай мен Ербол, жастары үлкен болса да, бұл өңірде қыс жүріп көрмегендіктен, жол бастауды Шәкеге тапсырды. (М.Ә.)*

### **1-тапсырма**

1. Мәтіннің тыныс белгілерін қойындар.

2. Шәкәрімнің өзінің айтпағын негізінен құрмалас сөйлемдермен жеткізгеніне назар аударындар. Әрбір құрмалас сөйлем қанша жай сөйлемнен тұрады?

3. Шәкәрім Құдайбердиевтің өмір жолы немен баланысты? Ол нені мақсат еткен? Шәкәрімнің сөзін қатыстырып отырып әңгімелендер.

Мен жетпіс екі жасқа келгенше өмірде болатын неше алуан қилы оқиғаларға түрлі жамандық жақсылыққа кездесіп солардың көпшілігін

керекті-керексіздерін өзім де істеп басымнан өткізгендерім көп «алдыңда өнегелі көрерің болсын» дегендей алдымда Абай марқұм болған соң содан ғибрат алып мен де адамдықтың адалдықтың жолын қуғаным жөн деп басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып білім жолына түстім негізгі алған білімім болмаса да өз бетіммен ізденіп-өткен жазушы-ғылымдардың жазғандарын оқып ойларымен танысып білгендерден сұрап өз ойымнан құрап түрлі әңгімелер жазып барлық өмірімді жазумен өткіздім елу жасқа тақаған соң оңашада жатып басқа келген ойлардың барлығын қағазға түсіріп кеттім мен солардың бәрін өз мақтаным үшін жазғаным жоқ мақтан үшін жазылған айтылған сөздің құны болмайтынын жақсы білемін кейінгілер үлгі алып өнеге үйренсін дедім.

(Шәкәрім.)

## **2-тапсырма**

1. Оқып шығып, тыныс белгісінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.
2. Қарамен жазылған сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.
3. «Мұхтар жолы» деп аталатын романның алынған осы үзінді бойынша М. Әуезовке мінездеме беріңдер.

**Мұхтар тынысы тырылғандай болып демігіп, бет орамалын алып жүзін сүртті, тамағын жұмсақ қоныр кенеді.**

- Азияның көп халықтарының бірінің өкілі – мен өзім өмірімде үш түрлі қоғамдық формацияны: феодализмді, капитализмді және социализмді бастан кешірдім.

**Осы тұрғыдан қарасаң, қайсыбір ретте мен өзім - жастығым мен жасамыс кезімнің екі аралығында ғасырлар алшақтығы жатқан көп жайдың көнекөз куәсі, шежіресі есепті адаммын.** Өзімнің өмір бойы көргендеріме, бастан кешірген, байқаған, түйген жайларыма бақсам, мне жиырмамыншы ғасырдың бел ортасына сонау бір қиыр шеттегі, алыстағы, тегі еуропалық та емес, азиялық орта ғасырлар заманынан келгендей сезінемін. Өткен заманның адамы осы бүгінгі сәулетті, кемел мәдениетті ортаға ойда жоқта еніп кеткендей ғой, сірә.

-Сонда сіз өз ортаңызда емессіз бе қазір, Мұхтар мырза?

**-Өз ортамдамын, еліммен, елімнің мүдде-мұратымен егіздің сыңарындай қосақтаулымын.** «Мәдениеттіміз» деп кеуде керген не қилы қаламгерлермен тең жолдастай пікірлескен адамның дүниеге танымында, көзқарасында әлгі айтқан әр кезеңнен жұғысқан алуан түрлі әсерлер, естелік, ара-арасы кереғар неше қилы ұғым-түсініктер сүреңі жататынын, бәлкім, көп адамдар біле бермес те.

**- Мұхтар мырза, жасыратыны жоқ, пайым-парасатыңызға тәнті болып отырмын.** Сіз осынша жиынтық мінезбен жүз жасаған адамға ұқсайсыз.

- Жүз емен, мың жасаған десе- дәлірек соғар. Өзім құралпы қаламдастардың сөз, қалам қуаты ағыл-тегіл мол келетіні, жасына жетпей тез қартаятыны, былайғы жалпы жайдақ көпшілікке зау биік түсініксіздеу болатыны сол ішкі рухани жасамыстықтан деп ойлаймын.